

## Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Аққорған ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 тамыздағы N 3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте N 5956 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, Облыстық ономастикалық комиссияның 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққорған ауылдық округі, Түгіскен ауылының келесі көшелеріне:

1) "Жеңістің 30 жылдығы" көшесіне "Нұртай Палымбетов" есімі;

2) "Қаршығалық" көшесіне "Елеусіз Төреев" есімі;

3) "Қадір Тағаев" көшесіне параллель жатқан көшеге – "Аманкүл Болтаева" есімі берілсін.

2. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққорған ауылдық округінің әкімі*

*С. Садықов*